



Бекітемін:

Нұра ЖББМ директоры
С.К.Бердешова

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйімі Нұра жалпы білім беретін мектебі

Топ «Айтөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3 жас.

Жоспардың күрьылу кезеңі: Қазан айы, 2023-2024 оқу жылы.

| | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-------|---------------------------|---|
| Казан | Дене шынықтыру | <p>Негізгі қимылдар. Тепе-тендікті сақтау. Тепе-тендікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тұра жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттыгулар. Заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;</p> <p>Кеудеге арналған жаттыгулар: Солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); Аяққа арналған жаттыгулар:</p> <p>Қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;</p> <p>Спорттық жаттыгулар. Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тұра, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Тамактанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың қундылығы туралы тусінікті дамыту;</p> |

Бекітемін:

Нұра ЖББМ директоры
С.К.Бердешова

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйімі Нұра жалпы білім беретін мектебі

Топ «Айғолек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы, 2023-2024 оқу жылы.

| Казан | Үйымдастырылған іс-әрекет | Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-------|---------------------------|---|
| | Дене шынықтыру | <p>Негізгі қимылдар. Тепе-тендікті сақтау. Тепе-тендікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тұра жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жогары көтеру;</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар: Солға, онға бұрылу (отырган қалыпта); Аяққа арналған жаттығулар:</p> <p>Колдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;</p> <p>Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу. Ұш дөңгелекті велосипедті тұра, шенбер бойымен, онға және солға бұрылып тебу.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өзін-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзін-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау; белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p>Салауатты омір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту;</p> |

| | | |
|-----------------------|--|--|
| | | ауырмауга, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды үй-жайда жөніл киіммен жүргүгө үйрету. |
| Сөйлеуді дамыту | | Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттыгулары арқылы кеңейту. |
| Көркем әдебиет. | | Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жана шырылышқа танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |
| Қазақ тілі. | | Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тыңдауға және ол сөздерді бірнеше рет айтуда арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуда үйрету. |
| Математика негіздері. | | Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруды шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жаңына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. |
| Құрастыру. | | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылымын белшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, ұшбұрыштар, призмаларды ажыратада білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алғынған дағдыларды: тесеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| Сурет салу. | | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алғынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсырап суга шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен сүртіп кептіруді үйрету. |
| Мұсіндеу. | | Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мұсіндеуге үйрету. |
| Жапсыру. | | Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. |
| Музыка | | Музикалық шығарманы соңына дейін |

| | | |
|--|-----------------------------|---|
| | | тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығармандың неше болімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. |
| | Коршаган ортамен таныстыру. | Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. |